

**Ақмола облысы Целиноград ауданында
орналасқан Қозыкөш өзенінің участігіне су
қорғау аймағы мен белдеуін және олардың
шаруашылық пайдалану режимін белгілеу
туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 наурыздағы № А-4/145 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 сәуірде № 6558 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
25.04.2018 ж.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Қозыкөш өзенінің участігіне су қорғау аймағы мен белдеуі белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Қозыкөш өзенінің участігіне су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдалану режимі белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.С.Үйсімбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *М.Мырзалин*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан

Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігі

М. Т. Аяшев

Су ресурстары
комитетінің
Су ресурстарын
пайдалануды
реттеу және қорғау
жөніндегі
Есіл бассейндік
инспекциясы"
республикалық
мемлекеттік
мекемесінің басшысы

2018 жылғы "27" наурыз

Ақмола облысы
әкімдігінің
2018 жылғы 27
наурыздағы
№ А-4/145
қаулысына
1-қосымша

**Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Қозыкөш
өзенінің участігіне су қорғау аймағы мен белдеуі**

№	Су объектісінің атауы, орналасқан жері	Су қорғау аймағы	Су қорғау белдеуі
		Ені (метр)	Ені (метр)
1	Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Қозыкөш өзенінің участігі	500	35

Ақмола облысы
әкімдігінің
2018 жылғы 27
наурыздағы
№ А-4/145
қаулысына
2-қосымша

Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Қозыкөш өзенінің участігіне су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдалану режимі

1. Елді мекендерде суды қорғау аймағының шекарасында су объектісінің қоқыстануына мен ластануы жол бермейтін пайдалану режимі сақталуы тиіс.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға болмайды.

3. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл,

құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға болмайды.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.